

МРНТИ 18.41.51

Мөлдір Бахытжанова¹¹Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
Қазақстан, Алматы**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ВОКАЛДЫҚ ӨНЕРІНІҢ ГЕНЕЗИСІ МЕН ДАМУ ҮРДІСТЕРІ****Аннотация**

Мақаласында Қазақстанда вокалдық өнердің даму үрдісі мен генезисі қарастырылады. Аталған тақырыпты зерделеуде отандық мәдениеттегі ұсынылған бағытты қалыптастыру және одан әрі дамыту туралы жалпы мәліметтер тартылды. Автор негізгі кезеңдерді сипаттап, академиялық вокалдық орындаушылық эволюциясын атап өтті. Мақала авторы қазақ халқының тәрбиелік мүмкіндіктері жоғары, азаматтық идеялардың өркениеттілігі, шынайы болмыстың әсерлі көрінісі, көркемдік айырмашылықтары бар халық даналығы шоғырланған қазақ әндерінің құндылықтық бағдарын келтіреді. Бұл жерде вокалдық орындау табиғаты зерттеледі, осыған байланысты дыбыстың жалпы теориясы физикалық акустика саласын қарастырады. Акустикалық көзқарас тұрғысынан дыбыс белгілі бір ортада қандай да бір дененің тепе-тең қозғалысы нәтижесінде пайда болады және есту арқылы естіледі. Акустика дыбыстардағы келесі белгілерді ажыратады: дыбыс ырғағы, дыбыс күші, дыбыс музыкасы, дыбыстың созылуы. Барлық музыкалық дыбыстарда үш белгілі атаулар бар: дауыс деңгейі, дауыс күші және ұзақтығы. Осы үдерістерге байланысты осы бағыттың қалыптасуы мен дамуындағы мерзімді басылымдар беріледі.

Түйінді сөздер: Өнер, вокал, песня, жанр.**Молдир Бахытжанова¹**¹Казахская национальная консерватория им. Курмангазы
Алматы, Казахстан**ГЕНЕЗИС И ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ВОКАЛЬНОГО ИСКУССТВА КАЗАХСТАНА****Аннотация**

В статье рассматривается генезис и процесс развития вокального искусства в Казахстане. В изучении данной тематики привлечены общие сведения о формировании и дальнейшем развитии представленного направления в отечественной культуре. Автором выделены основные периоды с их характеристикой, отмечена эволюция академического вокального исполнительства. Автор статьи приводит ценностные ориентиры казахских песен, в которых сосредоточилась народная мудрость казахского народа с высокими воспитательными возможностями, цивилизованностью гражданских идей, впечатляющими отражением неподдельного бытия, художественным различием. Здесь также изучается природа вокального исполнения, в связи с этим даются пояснения о том, что общая теория звука предусматривает область физической акустики. С акустической точки зрения звук появляется в результате равновесного движения какого-либо тела в определенной среде и звучит на слуху. Акустика различает следующие признаки в звуках: звуковой ритм, сила звука, звуковая музыка, растяжимость звука. Во всех музыкальных звуках за тембром есть три известных названия: уровень голоса, сила голоса и продолжительность. В связи с этими процессами даются периодика в становлении и развитии данного направления.

Ключевые слова: искусство, вокал, песня, жанр.**Moldir Bakytzhanova¹**¹Kurmangazy Kazakh National Conservatory
Kazakhstan, Almaty**GENESIS AND TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF VOCAL ART IN KAZAKHSTAN****Abstract**

In the article author discusses the Genesis and development of vocal art in Kazakhstan. In the study of this topic, General information about the formation and further development of the presented direction in Russian culture is drawn. The author highlights the main periods with their characteristics, and notes the evolution of academic vocal performance. The author of the article cites the value orientations of Kazakh

songs, which focus on the folk wisdom of the Kazakh people with high educational opportunities, civility of civil ideas, impressive reflection of genuine being, artistic difference. It also examines the nature of vocal performance, and explains that the General theory of sound provides for the field of physical acoustics. From an acoustic point of view, sound appears as a result of the equilibrium movement of a body in a certain environment and sounds by ear. Acoustics distinguishes the following features in sounds: sound rhythm, sound strength, sound music, sound extensibility. In all musical sounds, there are three well-known names behind the timbre: voice level, voice strength, and duration. In connection with these processes, periodicals are given in the formation and development of this direction.

Keywords: art, vocals, song, genre.

Ән, әуен қазақ халқының аңызы бойынша аспан әлемінен түсіп, ықылым заманнан осы кезге дейін жетіп отыр. Көкте қалықтаған ән көшпенді қазақ даласына жетіп, мұны естіген халық сондықтан, үлкен әуендік қасиетке ие болды деп есептеледі. Сондай-ақ, халық арасында: «Әуен мен әуезге деген қабілет дүниеге келгенде бірге дарыған», - деген болжам бар. Қазақтың халық әндері жоғары тәрбиелік мүмкіндіктерімен, азаматтық идеяларының өркениеттілігімен, болмастығы көзғарасты әсерлі бейнелеуімен, көркемдік айырмашылығымен операда қолданылуы арқылы тыңдарманның назарын өзіне аударады.

Қазақ әндерінің музыкалық-поэтикалық құрылымының күрделілігі, жас буынның ой-сезімі мен танымдылығына әсер етуші күштерінің сан қилы болып келуі, оның өнер түрінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты болып келеді. Осы тұста «Қазақстанның вокалдық өнерінің генезисі мен даму үрдістері» атты ғылыми мақалада жалпы отандық вокалист орындаушылардың шығармашылығындағы негізгі сатылай өзгешеліктер мен олардың құрылымды бағыттары жайында айтылады.

Қазақ халқының еңкейген кәріден еңбектеген баласына дейін ән, әуен десе ішкен асын жерге қойып, елеңдеп қалатыны жақсы мәлім. Ән - әуен орындайтын топтың өзіндік музыкалық аспаптары мен орындау мәнерлері болған [1, 2 б.]. Қазақ әндеріндегі философиялық ой тереңдігі үнемі дидактикалық мәселелермен қапсырыла қапталдасқан. Қазақ әндерінің қай жанрын алмасақ та, өнегелі өсиет арқылы, ізгілікті мейірбандыққа, татулық пен бірлікке, адамгершілікке, байсалды мінез-құлыққа, сиқырлы ақылдылыққа насихаттап отырады. Сонымен бірге, қазақ халқының тарихын, өмір сүру тіршілігінің сан қилылығын, қоғамдық көзқарастарын, ақыл-ойының жиынтығын танытады.

Қазақ халық әндерінің жанрлары да көп. Оларды жүйеге келтірілген жіктемелер де баршылық А.В.Затаевич, Б.Г.Ерзакович, Т.Бекқожина, З.Қоспақов, т.б. Қазақтың халық әндері жоғары тәрбиелік мүмкіндіктерімен, азаматтық идеяларының өркениеттілігімен, болмастығы көзғарасты әсерлі бейнелеуімен, көркемдік айырмашылығымен операда қолданылуы арқылы тыңдарманның назарын өзіне аудартады.

Халық әндеріне тән тағы бір белгі – елдің өмірі, тұрмыс-тіршілігімен сабақтастығы. Кез келген ән белгілі бір оқиғаға құрылады. Соған орай айтайын деген ой-мазмұны да болады. Сол ой терең сезім арқылы тербеліп, көркем кесте – өлең түрінде сыртқа шығып отырған. Мұны әннің поэзиялық арқауы немесе әдеби сипаты дейміз. Осы үш белгі жоқ жерде оны ән жанрына жатқызу қиын. Уақыт пен кеңістіктен тыс өмір сүретін ән болмайды.

Әннің осы аталған үш сипатына орай тарихшы, ақын және сазгер қызметіне де тоқталу қажет болады. Тарихшы – шежіреші, әдетте ол нақты бір оқиғаны қара сөзбен баяндайды. Өлең кестесін, поэзияның көркемдік тәсілдерін қолданбайды. Сондықтан оның тілінде өлеңге тән ырғақ, өлшем, ұйқас бола бермейді. Тарих жеке бір оқиғаны баяндаса, поэзия сол оқиғаны жалпылай жырға қосады. Оған музыка әуенінің де қатысы зор. Демек поэзия сияқты әннің де әлеуметтік маңызы елеулі. Ән – халықтың көркем ой-санасы деген сөзіміздің мәнісі осында.

Қазақ халқының ән өнері сан-салалы. Көне дәуірлерден жеткен бұл мәдениет саласын бірнеше арнаға бөлуге болады. Олар: бақсы сарыны, жыраулық дәстүр, ертегілік, тарихи және лирикалық әндер.

Ән - вокалдық жанр болса, халық әндеріне тән мынадай белгілерді көрсетуге болады:

- 1) әннің мазмұны, яғни әдеби мәтіні.
- 2) әннің әуені, яғни музыкасы.
- 3) әннің жанрлық ерекшелігі.

Әннің алғашқы сипатына орай В. Е. Гусев: "Песня поется, и ее содержание выражает не только слово, но и мелодия, и ритмический ее строй, песенный образ не тождествен образу стихотворному",- деп жазған болатын [2, 24 б.]..

Әннің жанрлық ерекшеліктері. Халық әндерін біз тақпақ сазды речитативтік, тарихи және лирикалық деп білеміз. Бұл ерекшеліктер бірде әндердің музыкалық-интонациялық жүйесіне қатысты болса, бірде жанрлық сипатын білдіреді.

В. Я. Пропп музыкалық шығарманың жанры оның тарихи шындықты бейнелеу немесе көрсету дәрежесіне байланысты деген пікір айтқан. Осы тұрғыдан келгенде халық әндерін тарихи, лирикалық деп бөлуге әбден болады.

Тарихи әннің ел аузында сақталған үлгілері аз емес. Бізге жеткен көркем бір нұсқасы – «Елім-ай» XVIII ғасырдың бас кезіндегі жоңғар шапқыншылығына байланысты туған шығарма. Бұл әндердің қазақ операсымен байланысы тереңде, әр бір қазақ операсында халық әндері немесе олардың бөліктерінен құралған әндер кездеседі. Жалпы, қазақтың халық әндерінің мағынасын опера қойылымдары арқылы бейнелерге сәйкес етіп орындау, ол философиялық мән-мағына жатыр. Мысалы:

«Жалбыр» - революциялық тақырыптағы музыкалық спектакль, оның басты кейіпкері - езілген, күреске шыққан халық. Өзінің тақырыбы мен жанры бойынша опера Мусоргскийдің «Борис Годунов» және «Хованщина» атты халықтық драмаларының бағытын ұстанады. «Қыз Жібек» операсындағыдай «Жалбыр» операсының музыкалық негізін халықтық әндер мен күйлер құрайды. Халық ішінде кең тараған, Е.Г.Брусиловский өте сәтті қолданған «Елім-ай» әні - тарихи ән. Бұл ән «Ақтабан шұбырынды - Алқакөл сұлама» деп аталған жоңғар шапқыншылығы кезінде туған. Мұнда туған жерге деген сағыныш, отанды сүйу тақырыбы көтерілген.

Операда «Елім-ай» әні арқылы халықтың көркем бейнесі жасалады. Жалғыз дауысты мұңды әуен композитордың қолынан өтіп профессионалды көркемдік құралдармен байып барып халықтың жан-жақты бүтін бейнесін береді. Ал симфониялық дамуында халық тағдыры тақырыбы барынша толық көркемдік дәрежеге көтерілді.

«Елім-ай» әнінің интонациясы «Жалбыр» операсының алғашқы оркестрлік кіріспесінің дыбыстарынан бастап финалына дейін көктеп өтеді. Мұнда әннің ауыр үйлесімді адымы контрастылы полифониялық дауыстардың қосылуымен бірге дамудың ең жоғарғы кульминациялық шегіне жетеді. «Елім-ай» әні операда әр қырынан көрінеді. Кейде ол ерлік рухты, кейде қайғылы, кейде екпінді, кейде үрейлі.

А. Жұбановтың қазақ музыка зерттеу ғылымы саласында қалдырған мұрасы 300-ден астам еңбекті қамтиды. Олардың арасынан оқырмандар сүйіспеншілігіне бөленген «Замана бұлбұлдары», «Ғасырлар пернесі», «Құрманғазы», «Ән-күй сапары», «Өскен өркен» және басқа күрделі кітаптарды атап өткен жөн. Аталмыш монографияларда А.Жұбанов ел арасынан шыққан асқан талант иелері - халық композиторларының өмірін, олардың музыкалық мұрасын аса ұқыпты жауапкершілікпен іздене зерттеп, біртұтас жүйеге келтіріп, құнды деректер қалдырды.

Ғалым-композитордың әндері, романстары, хор мен оркестрге арналған шығармалары, драмалық пьесаға, киноға жазған музыкалары өз алдына бір төбе. Қазақ операсын қазақтың халық әндері мен күйлерімен насихаттау арқылы жазылуы қазіргі таңда жоқтың қасы. Көптеген қазақ операсын жазған ұлы композиторлар халық әндері мен күйлерді операларына қосу арқылы көрсету аясында даралыққа ие болды деп айта аламыз. Әр бір жинақтаған қазақ операсындағы әуендер ол қазақ музыка мәдениетімен тығыз байланыста болып келеді.

Ән өнері-ықылым заманнан бері көптің ортасына жылдам жетіп, кең таралатын өнердің ең түсінікті және көне түрі. Әншілік өнер әншінің дауыспен орындауы, музыкалық шығарманың образды-идеялық мазмұнын әнші дауысының мәнерімен, күшімен жеткізу және ашу өнері. Адамзат ән мен күйдің кереметіне, ләззатына бөленіп, кейінгі ұрпағын

адамгершілікке, адалдыққа, еңбекке, парасаттылыққа тәрбиелеп, эстетикалық талғамын байытып келді.

Әншінің ерекшелігі басқа музыканттардай емес, «әншілік аспабы» үнемі өзімен бірге болатындығында. Әнші болу үшін, ең алдымен, дауыс болу керек. Екінші, тыңдау қабілеті ерекше жетілген болуы керек. Сөйлейтін дауыс пен еститін құлақ адамзат, жан-жануардың бәрінде бар. Дегенмен, әншінің ерекшелігі дауыс пен есту қабілеті музыкалық ерекшелігінде.

«Вокал» мақсаты мен міндеттері:

- Орындаушының бойындағы жеке қабілеттері мен таланттарын дамыту;
- Ән өнерінің қадір-қасиетін ұқтыру;
- Ән айту ережелерін үйрету;
- Музыканы тыңдау, есту қабілеттерін қалыптастыру;
- Әнді таза, мәнерлі, әсерлі орындауға үйрету;
- Музыканың мазмұны мен сөзін түсіне білуге үйрету;
- Музыка мен сөз аралығындағы бірлікті сезіну;
- Шығарма мазмұнын түсініп, ажырата біліп, қызығушылықпен орындай білуге үйрету;
- Музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақ мәнерін, түсініп, ажырата білу;
- Дауыстың табиғи таза шығуына, әнді мәнерлі орындау шеберлігін дамыту;
- Екі дауыста орындауға үйрету. - Үйірме мүшелерінен хор ұжымын ұйымдастыру;
- Балалардың музыкалық білімін жетілдіру;
- Музыкалық сауаты, эстетикалық және рухани ой-өрісі дамыған, музыка өнерінің адам өміріндегі мәнін жете түсіне алатын ұрпақ тәрбиелеу; [2, 12 б.].

Әнші кәсіби немесе әуесқой болуы мүмкін, бірақ екеуі-де тыңдаушы көңілінен шығу үшін табиғат берген таланттың сыртында ән айтудың қарапайым, оңай, алғашқы шарттарын білгені жөн.

Ән айту физиологиялық құбылыс болғандықтан, ағза қызметіне, оның функционалдық қабілетіне байланысты құбылыс. Ән айтуда ми, жүйке жүйелері, дыбыс аппараттары, көмей, ауыз қуысы, тіл, таңдай, кеңірдек, кеуде, өкпе сияқты, ағзалар бір-бірімен өзара тығыз байланыста қызмет атқарады. Осы, ағзаларға жүйелі талдау жасамасақта, әнші үшін келешекте «дауысты тәрбиелеу», баптау, дамыту, сақтау, аялау сияқты маңызды қадамдар кезінде жиі кезігетін болғандықтан кейбір қарапайым ерекшеліктері жайлы дыбыс аппаратының құрылымына қатысты айта кеткен жөн.

Дауыс шығару органдарының орналасуы, олардың құрылымы мен қызметіне байланысты адамның дауысы әр түрлі үнді, реңкті болып келеді. Сол үнді «тембр» дейді. Тембр «тимпанс» деген грек сөзінен шыққан. Ол дегеніміз бір биіктіктегі естілетін әрбір дыбыстың өзіндік үні, өңі мен реңк өзгешелігін білдіреді. Қандай бір биіктіктегі дыбысты әртүрлі аспапта ойнап немесе дауыспен айтқанда қайсысы қандай дегенді сол аспаппен немесе дауыстың өзіндік үнінің ерекшелігімен айтуға болады деген сөз. Тембр құлаққа жағымды, жағымсыз болып келеді.

Адамның физиологиялық ерекшелігі, дыбыс аппаратының орналасу жағдайына байланысты дауыс құбылысы әр түрлі. Сондықтан, ән айтқанда дауыс қуысын реттеп беретін дауыс сіңірлерінің қатысы өте зор. Дауыс сіңірлері музыкалық аспаптардың ішегі тәрізді ұзынды-қысқалы, жуанды-жіңішкелі болып келеді және соған сай әртүрлі дыбыстар шығарады. Дауыс тембріне әсер ететін екінші бір табиғи резонатор болып келетін жұтқыншақ, маңдай қойнауы, кеңсірік қуысы, қатты таңдай, жұмсақ таңдай, мұрынның қоршауы, көкірек қуысы, бас сүйегі сияқты басқа да мүшелері жатады. Жоғарғы тыныс жолындағы шырышты (слизистая) қабат үнемі жыбырлап, дымқылданып тұрады. Оны «формат» деп атайды. Формат тембрдің жақсы сақталуына, өзгеруіне өзінше әсер етеді. Жоғарыда айтылған табиғи жағдайларға байланысты дауыс ашық, көмескі, жіңішке, жуан, құлаққа жағымды, жағымсыз болып келеді.

Дыбыстың жалпы теориясын физикалық акустика саласы қарастырады. Акустикалық тұрғыдан алғанда, дыбыс қандай да болсын бір дененің белгілі бір ортасында теңеліп қозғалуының нәтижесінде пайда болады да, құлаққа естіледі. Дыбыс өтетін орта - ауа

кеңістігі. Ауа кеңістігінсіз ешбір дыбыстың жасалып пайда болуы мүмкін емес. Акустика дыбыстардағы төмендегідей белгілерді ажыратады: дыбыс ырғағы, дыбыс күші, дыбыс әуені, дыбыстың созылыңқылығы. Барлық музыкалық дыбыста тембрдің сыртында дауыс-деңгейі, дауыс күші және ұзақтылығы деген үш белгілі атаулар бар. Биіктігі - секундтағы дыбыс толқынының тербеліс мөлшері. Қаттылығы - тербелісті күшейте түскені, ұзақтылығы - дыбысты созып береді.

Ән айтуды

- *халық әнін айту бағыты;*
- *эстрада әнін айту бағыты;*
- *академиялық бағыт* деп бөлуге болады.

Ән халықтан шығатындықтан халық әнін айтушылар да тыңдаушылар да көп. Халық әнін үйрену ұзақ уақыт бойы жаттығулар арқылы жүріледі, дегенмен ол үшін-де дауысты жан-жақты тәрбиелеп, дамыту қажет. Ал, тәрбиелеп, үйрену жолдары атақты әншілердің мол мұрасынан, айтқан әндерімен таныса келіп, қандай шеберлікпен орындаған тәсілдеріне еліктей отыра қайталау арқылы алғашқы қадамын жүзеге асырған дұрыс.

«Эстрадалық музыка» - бұл тыңдаушылардың ең кең аудиториясына арналған ойын-сауық музыкалық өнердің түрі. Оларға әдетте би музыкасы, әртүрлі әндер, эстрадалық-симфониялық оркестрлер мен вокалдық-аспаптық ансамбльдерге арналған шығармалар жатады. Эстрадалық музыканы жиі «жеңіл музыка» ұғымымен салыстырады, яғни қабылдау үшін оңай деген мағыналы. Тарихи тұрғыдан алғанда, жеңіл музыкада жалпы танымал классикалық шығармалар, мысалы атақты классикалық шығармалардың пьесалы шығарған шығармаларында айта аламыз. Осы кең және өте әр түрлі мінез-күлқы мен эстетикалық деңгейі жағынан музыкалық шығармашылықтың бір жағынан маңызды музыкадағы мәнерлі құралдар, екінші жағынан өзіндік, ерекше құралдар қолданылады. Жалпы эстрадалық музыка қалыптасуын зерттей келе, қазақ халықтарындағы даму бағыттарын үш кезеңге бөлу арқылы жіктеп көрсете аламыз [3, 226].

- XVIII-XIX ғасырдағы өнерпаздардың өнері;
- XX ғасырдағы авторлар мен орындаушылардың өнері;
- Әншілік эстрадалық өнердің пайда болуы арқылы, жаңа тыныстың дамуы.

Аталаған сатылай Қазақстанның эстрадалық музыкасына толықтай сипаттама айтып өтсек.

1. Бірінші кезең – XVIII-XIX ғасырда өмір сүріп, ел арасында той жиынында, жәрменкелерде өнер көрсеткен өнерпаздар мен шаншарлар – Айдарбек, Күндебай, Текебай, Тонтай, Торсықбай және т.б. Бұл кезеңде ұлттық рухани жаңаруы келді, аспаптық музыка, ән, ақындық өнер сияқты халықтың өнеріндегі даму кезеңі болды.
2. Екінші кезең - XX ғасырдың бас кезеңі, Кеңес дәуіріндегі қазақ эстрадасының қалыптасуына ықпал еткен композиторлар А.Жұбанов, Е.Брусиловский, Л.Хамиди, әншілер Ж.Омарова, Р.Бағланова, Б.Төлегенова, Е.Серкебаев және т.б орындаушылар елеулі үлес қоса білді.
3. Үшінші кезең - қазақ эстрадасының кәсіби сипатқа ие болған кезеңі. Қазақ өнерінің деңгейлі қалыптасып 1950-1980 жж аралығында Б.Байқадамов, Ә.Еспаев, Ш.Қалдаяқов, Н.Тілендиев, Е.Хасанғалиев, Ә.Бейсеуов, К.Дүйсекеев сынды сазгерлердің толықсыған кезеңі болды.

Эстрадалық музыка жанрына эстрадалық әндердің түрлі түрлері жатады: дәстүрлі романс, заманауи лирикалық ән, аспаптық сүйемелдеумен би ырғағында ән айту. Ең бастысы, эстрадалық әндердің көптеген түрлерін біріктіретін – авторлардың әуенді есте сақтау арқылы қалыптастыруында

Эстрада жанрындағыларға қазір мүмкіншілік мол. Техника дамыған осы заманда кімге еліктеп, қалай қарап, қайтып айтам десе-де өз еріктері. Бірақ, бір ескеретін жағдай - қанша эстрада болса да өз ұлтының дәстүрі, тілі, ұлттық менталитеті, ұлттық нақышы, аңқып тұруға тиіс. Халық әндерін орындау, эстрада әндерін айтудың өз-өзіндік ерекшелігімен, тамашалығымен ерекшеленеді. Бірақ, дауыс шығару, техникалық орындау тәсілдері классикалық бағытта тәрбиеленген орындау тәсілдерінен айырмашылығы мол.

Қай бағытта болса да ән орындаудағы негізгі мақсат - дауыс құлаққа жағымды, қысылып-қымтырылмай, дауысты дұрыс тәрбиелеп, еркін меңгеру болып табылады.

Ал, академиялық бағытта кәсіби әнші «вокалист» болғысы келгендерге айтарымыз аз емес. Әнші қай бағытта тәрбиеленседе, әсіресе, кәсіби әнші болатындар дауыс анатомиясымен, физиологиясымен жете танысып, дауысты «тәрбиелеуде» қатысатын мүшелердің өз ара байланыстарын анықтап, түсініп алғандары жөн.

Бес-алты жыл оқуын оқып, консерватория бітірген, жоғарғы мамандықты игерген кәсіби әншіні «вокалист» дейміз. Көбінде классикалық бағытта айтатын әншілік өнерді **вокалдық өнер** дейді.

Өңірдің қай саласы болмасын, ең алдымен, оның технологиясын - әдістемесін ұғу, түсініп меңгерудің маңызы зор. Сондықтан кәсіби әнші болу үшін вокалдық өнердің қыр-сырын ұғып, негізгі технологиясын еркін меңгеру абзал. Әншінің аспабы қолға ұсталмай, көзге көрінбейтіндіктен студенттермен жұмыс істеу кезінде біраз қиындықтар туғызады. Музыканттар аспаптарын пайдаланғанда тыңдап, сезудің сыртында қолмен ұстап, көзбен көріп, саусақтарын өз ыңғайларына орналастыра алатын өз мүмкіндіктері бар.

Әнші мен ұстаз ондай мүмкіндіктің жоғынан тек қана тыңдау арқылы, дауыс аппаратының қозғалыс қызметі арқылы болжаммен бақылауға тура келеді. Дауысты дұрыс жолға қою үшін ең бірінші бақылау қажет, бақылау тек қана сырттан емес, әнші өзін-өзі сезіп бақылай алатын халде болуы керек. Италияның ән өнерінің үздік жетістіктері туралы пікір қалыптасқан. Италия-операның отаны деп те аталады.

Дүниежүзіне әйгілі тенорлар да сол елден шыққан. Сондықтан да Италияның вокалдық мектебі, аңызға айналып кеткен. Ол солай ма деп алып қарайық: Дүниеге әйгілі сол Италияның әншілерін тыңдай отырып, бір-біріне ұқсамайтын әр түрлі мәнермен айтатынына көзіміз жетті. Мысалға, әйгілі Э. Карузо, Б. Джильи А. Пертиле тағы басқаларды салыстырып көрейік. Бұлар бәрі бір пландағы тенорлар, айтатын репертуарлары да бірдей. Тынысек, ән айтудағы техникасы, әдістемесі бірін-бірі өткен тамаша. Сөйте тұра бір-біріне ұқсамайтынын, аңғарамыз.

Дауыс тембрінің сыртында орындаушылық мәнері, кейбірі ашық дауыспен, кейбірі жоғарғы регистрге ерте қамданып қалыптасқан. Енді бірі дыбысты күшті екпінмен бастаса, келесісі жұмсақтап келіп үдетеді, қайсыбірі орасан зор резервуар арқылы дауысы күңіреніп, өзінен-өзі сарнап төгіліп жатады. Енді бір жағдай Б. Христов, Д. Узунов, Н. Херля, Т. Куузик, Щ. Пирс, Уоррад сияқты дүниеге әйгілі әр елдің мықты әншілері көптен бұрынғы Кеңес одағының тыңдаушыларына таныс. Бұлар да шамамен бір-деңгейде Италия мектебінің дауыс қалыптастыру мәнерімен айтатын әншілер.

Бірақ, олар Италия мектебін меңгерді деген сөз емес, олар өз дауыстарының табиғаттан берген негізін меңгерген мықты әншілер. Тынысек, Италия мектебінің сыртында өз табиғатын таба білгендер. Осы шындықты дәлелдеген талай талантты әншілерді театр тарихынан көптеп кездестіруге болады-деп тұжырымдайды А. И. Иванов өз кітабында.

Соңғы жылдары халықаралық қатынас арқылы вокалдық өнер жағынан бай мұра жинақталып, біріккен бір вокалдық мектеп қалыптасты. Оның негізгі мақсаты-өз өздерінің амал, әдістемелерімен әнді әдемі дауыспен емін-еркін қысылмай-қымтырылмай орындау, кім қандай жағдайда орындаса да, әнші өзінің табиғатын тауып, түптің түбі бір арнаға келіп тоғыстыру деген сөз.

Ғасырлар бойы ұшы-қиырсыз қазақ даласы халық мұңы мен қуанышына ортақтасқан домбыраның күмбірлеген үні мен ән, аңыз, жырларына бөленді. Осы дала төсінде мыңдаған тарихи тұрмыс, лирикалық әндер туып, өмірге қанат қақты. Қазақ әндерін естіген орыс саяхатшысы Г. Потанин «Бүкіл қазақ даласы әндетіп жатқандай әсер алдым», - деп таңдана айтқан екен. Біздің қазақ халық ән-күй өнерінің дамуында орындаушылықтың ғажайып шыңына жеткен нағыз майталман өнер шеберлерінің рөлі ерекше. Сонау біртума дарын иелері Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Біржан сал, Сегіз сері, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Ақан серілерден бастау алған ән-күй өнерін Иса, Әмірлер жалғастырып қазақ деген әнші халық барын дүниеге таныта бастады.

Бертін ұлттық кәсіби өнеріміздің негізін қалаушылар - Қанабек Бәйсейітов, Күләш Бәйсейітова, Құрманбек Жандарбеков, Әнуарбек Үмбетбаев, Манарбек Ержанов, Ғарифолла Құрманғалиев тағы басқа көптеген, ақсақалдарымыз музыкалық үлкен білім алмаса да, өздерінің табиғи, дара таланттарының арқасында ұлттық опера өнерінің негізін қалап, келешек кәсіби әншілердің өсіп-өнуіне үлкен ықпал жасап, жол салып кетті.

Солардан дәріс алған, кейбірі, аға буынмен бірге қызметтес болған Б.Досымжанов, Ш.Бейсекова, К.Кенжетөев, Рашид пен Мүслім Абдулиндер, Е.Серкебаев, Р.Жаманова, Б.Толегенова, Б.Жылысбаев, М.Мұсабаев, Н. Қаражігітов, Б.Әшімова, Х.Қалиланбекова, С.Құрманғалиева, Ш.Үмбетәлиев тағысын тағылар. Әншілік өнердің теориялық негізін меңгерген, нағыз кәсіби әншілердің алғашқы легі қазақ вокалдық өнерін дүниеге танытты.

Бұлар жоғарыда айтылған алыптардың тәрбиесімен сусындаған теориясын консерваториядан алған, кейбірі Ресейдің үлкен өнер ордасынан, қайсыбірі өз елімізге келген үлкен мамандардан дәріс алған «алыптан туған алыптар» еді. Осы алғашқы кәсіби мамандар 1950 жылдардан бастап елді өз шәкірттерін тәрбиелеп шығара бастады.

Бұл арада халық әртісі, ардагер ұстаз, қазақтың вокалдық өнеріне айрықша еңбегі сіңген, талай-талай майталман әншілерді тәрбиелеген, жарты ғасырдан астам қажымай шәкірт тәрбиелеп келген Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияның профессоры Бекен Жылысбаевтың еңбегі зор екенін ерекше атап өтуіміз керек. Осы профессионал ұстаздардың тәрбиесі мен ілімінен өткен өз замандастарымыз Мұрат Мұсабаев, бүкілодақтық вокалистер конкурсының лауреаты Әлібек Дінішев, бүкілодақтық вокалистер және Цвикау мен Рио де Жанейрода өткен халықаралық конкурстарының лауреаты Ғафиз Есімов, алғаш рет Италияның өзінде болып мамандығын шыңдаған ҚР еңбек сіңірген әртісі Аманкелді Семтин, вокалистердің бүкілодақтық конкурстарының және Барселонада өткен вокалистердің халықаралық конкурстарының дипломанты Майра Мұхамедқызы қазақ өнерін дүние жүзіне танытса, ҚР халық әртісі Н.Үсенбаева, С.Байсұлтанов, еңбек сіңірген әртісі Ж.Баспакова, Б.Қожабаев, Б.Ысқақов, Ш.Әбілов, К.Мыржықбаев, М.Шалабаев, Ү.Кенжебеков, Ж.Дәуірбаева тағысын тағылар қазіргі опера өнерін өз елімізде, шет елдерде танытып келеген біздің өнер саңлақтарымызды тәрбиелеп, қазақ вокалдық өнерінің жетістікке жетуіне осы профессионал ұстаздардың үлесі зор дегенді айтқым келеді.

Соңында алыптар тәрбиелеген алыптар арқылы, оларды тәрбиелеген ұстаздар арқылы қазағымыздың дарқан даласына дүние жүзін әйгілі вокал өнерінің үшқыны осылай жалғасып келеді, жалғаса бермек. Енді жоғарыда үзіліп қалған межеден ары жалғастырсақ. Әншінің дауыс аппараты қолға ұсталмайды, көзге көрінбейді, тасада болғандықтан тыңдау арқылы және бұлшық еттерінің сезімі арқылы ғана бақылауға тура келеді. Дыбыс қай тұстан шыққанын, ол дыбыс сырылдап тұр ма, шырылдап тұр ма, көмескі, күңгірт естіле ме, дауыс жоғарылап, төмендеп интонациясынан айрылды ма немесе құлаққа жағымды, жұмсақ жинақталған дауыс па дегенді тек қана тыңдау арқылы анықтай аламыз.

Осыған орай, әдеттегі осы белгілердің арқасында тәжірибелі ұстаздар дауыстың кемшілігі неден болып тұрғанын анықтап, диагноз қойып, дауысты дұрыс жолға қоюға кіріседі. Ұстаздың ақыл-кеңесін ынта қойып тыңдап, тез арада іске асыру қажет. Студент пен ұстаз арасындағы түсінушілік пен сыйластық қатынасы, келешектегі қиындықтарды бірігіп шешуге ықпалын тигізеді. Алғашқы кезіккен аздаған қиындықтарға төзбей ұстазға сенімсіз қарау, әрбір адамның сөзіне еріп тұрақсыздану зиян келтіретінін айта кетуіміз керек. Ұстаз, студентті, ең алдымен, өзін-өзі бақылай алатын, өзімен-өзі дұрыс жұмыс істей алатын жағдайда тәрбиелей бастауы қажет. Студенттерге тікелей вокалдық міндеттер қойып, айқын нұсқаулар беріп, оны шешу үшін басты мәселе не дегенді түсіндіріп, мән-мағынасын ашып ұғындыру арқылы мүмкіндік тудырып беру қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. **Ерзакович Б.Г.** Песни Казахстана. Советская музыка. – №2 – 1951.
2. Әбікейұлы Қабылаш Кәсіби әншілік өнері: оқулыққа қосымша методикалық құрал. – Алматы, 2004. – 43 б.
3. **Паткина Л. П.** Работа над вокальным – художественным выразительным произведений. //Фестиваль педагогических идей. – №16 – 2006-2007. 236.

References (transliterated)

1. Erzakovič B.G. Pesni Kazaxstana. Sovetskaâ muzyka.– №2 – 1951.
2. Ābıkejuly Ķabylaš Ķāsıbi ānšilik ōnepi: oķylyķķa ķosymša metodıkalyķ ķupal. – Almaty, 2004. – 43 b.
3. Patikina L. P. Pabota nad vokal’nym – xydoķestvennym vypazitel’nym ppoizvedenij. //Festival’ pedagogičeskix idei.– №16 – 2006-2007. 23b

Автор туралы мәлімет:

Бахытжанова Молдір - Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының «Вокалдық өнер» кафедрасының магистранты.

Сведения об авторе:

Бахытжанова Молдир - магистрант кафедры «Вокальное искусство» Казахской Национальной консерватории им. Курмангазы.

Information about the author:

Moldir Bakytzhanova – finday Kurmangazy Kazak Ulttyk conservatories «Vocal Art» kafedralny undergraduates.